

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӘОЖ 811.512.122:378.096.

Б.М.Айтбаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: beibarys@mail.ru)*

Кәсіби қазақ тілін деңгейлеп оқытудың тиімділігі

Мақалада автор кәсіби қазақ тілін деңгейлеп оқыту тіл үйренушінің танымдық қызметін ынталандыратын, өзектендіретін ұстанымдарға негізделіп, жеңілден күрделіге қарай бағыттталып, қазақ тілін коммуникативтік-прагматикалық дәрежеде меңгерген тілдік тұлға қалыптастыруды міндет ететіні көрсетілген. Кәсіби қазақ тілінің міндеттері белгілі мамандықтар бойынша даярланатын маман кадрларының коммуникативтік және танымдық қажеттіліктерімен анықталады.

Кілт сөздер: әдіс, деңгей, сөйлеу әрекетінің түрлері, термин, кәсіби құзыреттілік, мамандық, коммуникативтік құзыреттілік, маман, әдістеме.

Жоғары мектепте мамандарды кәсіби негізде даярлаудың мазмұнын қайта құрумен байланысты қоғамның қазіргі дамуының өзекті қажеттіліктері Қазақстанда кәсіптік білім беру саласының алдына күрделі міндеттер қойып отыр. Жоғары кәсіптік білім беруді жаңартудың басты құжаттарында ең негізгі мақсат білікті маман даярлау деп көрсетілген. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке қабілетті болуы, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы болуы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, қазақ тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болғалы, қазақ тілін жан-жақты үйрету, тілдің барлық байлығын игерген болашақ жастарды тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Бүгінгі жастарымызды қазақ тіліне деген ынтасын арттыру, құрметтеу, алған білімдерін практикада пайдалана білуге үйрету үлкен міндет болып табылады. Бүгінгі студент — ертеңгі маман, қызметкер. Ол өз мамандығы бойынша мемлекеттік тілде сөйлесе алуы, жаза білуі қажет. Сондықтан лексикалық тақырыптарды тіл үйренушінің мамандығына қарай іріктеген тиімді. Студенттің таңдаған мамандығына байланысты мәтіндерді, терминдерді беріп, тіл дамыту сабақтарын жүргізіп жүрміз. Бұл тіл — үйренушінің ынтасын арттырудың ең тиімді жолы. Яғни, әр саланың өкілдері мен мамандық иелерін өздеріне қажетті, жиі қолданыстағы лексикасы арқылы сөйлетуге, жаздыруға болады. Грамматикалық материалдарды да мамандыққа байланысты тақырыптарға бейімдеу керек [1].

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы, дүниежүзілік деңгейде ықпал-беделінің артуы, заманауи инновациялық техника мен технологияларды күнделікті өмір мен өндірісте қолдану, жаһандану үдерісінен сырт қалмау қажеттілігі қазіргі заманғы білімді де білікті, рухани ой-өрісі кең де жан-жақты, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастырған азаматтың қалыптасуын талап етеді. Мұндай азаматтардың қалыптасуына еліміздегі көптілді білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді оқыту да өз әсерін тигізеді.

Кәсіби қазақ тілін студенттерге халықаралық стандарттарға сай деңгейлеп оқыту жүйесінің мақсаты — қазақ тілінде еркін сөйлей алатын тілдік тұлға қалыптастыру. Деңгейлеп оқыту әдістемесі кәсіби қазақ тілін үйренушінің танымдық қызметін ынталандыратын, өзектендіретін ұстанымдарға негізделіп, жеңілден күрделіге қарай бағыттталып, қазақ тілін коммуникативтік-прагматикалық дәрежеде меңгерген тілдік тұлға қалыптастыруды көздейді.

Жоғары оқу орнында оқытылатын кәсіби қазақ тілінің міндеттері белгілі мамандықтар бойынша даярланатын маман кадрларының коммуникативтік және танымдық қажеттіліктерімен анықталады [2].

Әдістемелік тұрғыдан сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін өзара тығыз байланыста дамыту, спиральдік ілгерілеу қағидаты негізінде тұлға, мән-мағына және функционалдық маңыздылық бірлігін сақтай отырып, лингвистикалық құбылыстарды оқыту, аутенттік негізде қамтамасыз ету өте тиімді. Тіл материалы белгілі іс-әрекетті жүзеге асыру құралы ретінде қарастырылып, оны сұрыптауда функционалдық-коммуникативтік әдіс қолданылады [3].

Кәсіби қазақ тілін деңгейлеп оқыту барысында мынандай міндеттерді шешу көзделеді.

1) қазақ тіліндегі төл дыбыстарды дұрыс айтуға, олардың жазылуына ерекше мән беру, мәнерлеп сөйлеу дағдысын қалыптастыру;

2) өзі туралы және басқалар туралы хабарлама жасай білуге, сонымен қатар түйіндеме, рецензияларды, құттықтау хаттарын, құттықтауларды жаза білуге, тілек, бата айта білуге дағдыландыру;

3) күнделікті тұрмыстық және кәсіби сөйлеу жағдаяттары бойынша сөйлеу деңгейлерін кенейтуге, сөздерді еркін пайдалана білуге, кез келген жағдаятта еркін сұрап, жауап беруге, әңгімеге араласуға қалыптастыру;

4) қазақ тіліндегі кәсіби бағдарлы жарнамаларды, іс-қағаздарды, хабарламаларды, жаңалықтарды, нұсқауларды оқып, түсіну, ол туралы айта білу дағдыларын қалыптастыру;

5) монолог түрінде берілген мәтіннің жеке мағыналық бөліктері бойынша негізгі ойды, ақпаратты есту, тыңдау арқылы түсіне білу және ол туралы сөйлесу дағдысын дамыту;

6) кәсіби бағыттағы сөздіктерді еркін пайдалана білуге және сауатты түрде аударма жасауға үйрету;

7) белгілі бір кәсіби қатынас саласындағы танымдық-қатысымдық міндетті шешуге керекті ақпаратты тыңдау арқылы түсіне білуге дағдыландыру, ол туралы пікірін айта білуге қалыптастыру;

8) өз мамандығы бойынша ғылыми мәтіндерге пікір беруге, ғылыми мақала, баяндама жазуға машықтандыру, еркін тақырыптарда шығарма жаза білуге үйрету;

9) ауызекі сөйлеу стилі, көркем әдеби стиль, публицистикалық, ғылыми стильдердің, сондай-ақ кәсіби тілдің қолдану жағдайларын айыра білуге үйрету;

10) теледидар, радио, Интернет, компьютерлік жүйе арқылы берілген ақпараттарды, тіл иесінің табиғи айтылған сөзін, өз мамандығы бойынша сұхбаттарды түсініп, өз сөзімен айта білуін қалыптастыру;

11) әр түрлі стильде жазылған мәтіндер, өз мамандықтарына сәйкес еңбектер мен ғылыми зерттеулерді оқып, негізгі ақпараттарды ала білу және оны түсініп, айтып беру дағдысын қалыптастыру.

Оқу-әдістемелік кешен кәсіби қазақ тілінде сөйлейтін тілдік тұлғаға қойылатын талаптарын, тілді меңгеру деңгейлерінің құрылымдары, білім мазмұны, сағат көлемі, сөйлеу іс-әрекеті түрлері бойынша әр деңгейдің дидактикалық талаптарына сай таңдалып, іріктелген тапсырмалар мен коммуникативтік жағдаят талаптарын қамтиды.

Студенттерге кәсіби қазақ тілін меңгеруде қойылатын қорытынды талаптар — студенттердің коммуникативтік, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Коммуникативтік құзыреттілік — білім алушылардың қазақ тілінде еркін сөйлесіп, түрлі жағдаяттарда қарым-қатынас орнатып, қолдай алу мүмкіндігі. **Коммуникативтік құзыреттілік** — тілдік (лингвистикалық), әлеуметтік-лингвистикалық, дискурстық, мәдени-лингвистикалық, кәсіби білік-дағдылардың жиынтығы.

Лингвистикалық құзыреттілік мазмұнына коммуникативтік, кәсіптік қарым-қатынаста тіл жүйесінің дыбыстау, лексикалық-фразеологиялық, грамматикалық ерекшеліктерін білуі, қолдана алуы жатады.

Дискурстық құзыреттілік — білім алушылардың белгілі бір әлеуметтік (тұрмыстық, бейресми) қарым-қатынасты белгілі бір коммуникантпен оның ниетіне сай орнатып, жалғастыра алуы.

Мәдени-лингвистикалық құзыреттілік — тіл үйренушілердің қарым-қатынасты қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі бір жағдаятта тиімді құруы.

Кәсіби құзыреттілік сабақ үдерісінде түрлі кәсіби-әлеуметтік білік-дағдылардың жиынтығын іске асыру арқылы қалыптастырылады, яғни оқу үдерісіндегі жағдаяттық тапсырма үлгілері ақиқат қарым-қатынас үлгісіне мейлінше ұқсас, жақын болуы шарт. Осы мақсатта берілген жағдаяттық тақырыптар мен тапсырмалар студенттің өзіндік ой-пікірін, пайымдауын білдіруін көздейді.

Оқу үдерісінде пайдаланылатын мәтіндер түрлі функционалды стильдердің әр алуан жанрынан (жарнама, хабарландыру, бағдарлама, анықтағыш материалдар т.б.) таңдалып алынғандықтан,

прагматикалық міндеттерді шешуге жәрдемдеседі. Білім алушының сөздік қоры, сөйлеу тақырыптары мен жағдаяттық тапсырмалар оның болашақ мамандығымен тығыз байланыста іріктеледі.

Тілдік материалдар тақырыптық топтарға біріктірілген лексиканы, сөйлеу әдебінің стандартты сөз орамдарын, бағалауыш мәнді бірліктерді қамтуы тиіс. Аталған тілдік материалдың меңгертілуі жаттанды түрде емес, студенттің сөйлеу жағдаятына сәйкес шығармашылықпен қолдана алуын қамтамасыз етуі қажет. Сондықтан оқу үдерісінің нәтижесі коммуникативтік-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тұлғалық-бағдарлы тәсілдер негізінде жаңа технологиялар арқылы білім алушы мен оқытушының өзара біріге жұмыс істеуіне байланысты болмақ. Бұл орайда студенттің тұлғалық, психологиялық, интеллектуалдық ерекшеліктерін ескеру, жетілдіру, әлеуметтік қарым-қатынасқа қабілеттілігін дамыту көзделеді.

Деңгейлеп оқытудың алғашқы кезеңінде сөйлеу әрекетінің төрт түрін еркін игеріп, оларды сауатты қолдана алуға қол жеткізілуі тиіс, өйткені кәсіби білік-дағдыларды қалыптастыру бұларсыз мүмкін емес.

Ортаңғы және жоғары деңгейде кәсіби саладағы қарым-қатынасты орнатып, жалғастыра білуді игерту үшін түрлі нұсқадағы жағдаяттық тақырыптар, тапсырмалар қамтылады.

Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша студенттерге қойылатын талаптар:

Сөйлесім (айтылым): монолог; диалог түрлерін (хабар алмасу, пікір алысу, сұрақ-жауап, пікірталасқа араласу) меңгеру.

Тыңдалым: студенттер өзара бір-бірін, ұнтаспаға жазылған түрлі мәтіндерді тыңдап, түсінуі қажет; тыңдалған мәтіннен тұлғалық, кәсіби бағалы ақпаратты бөліп ала білуі тиіс; тыңдалған мәтін бойынша кәсіби міндеттерді құрастыра білуге дағдылануы керек.

Оқылым: түрлі функционалды стильдердің әр алуан жанрындағы прагматикалық сипаттағы мәтіндерді оқу, яғни студент мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуі тиіс; мәтінді мейлінше толық, дәл түсінуі қажет; автордың көзқарасын анықтай білуі керек; өзіне қажетті ақпаратты тез таба білуі тиіс.

Жазылым: қазақ тілінің емле және тыныс белгілерін сақтай отырып, жеке және ресми сипаттағы хаттарды, жеделхаттарды, құттықтауларды, аннотация-пікірлерді т.б. жаза білуі тиіс; өз ойын қажеттілігіне қарай қысқаша немесе толық баяндап, реферат жаза білуі керек; хаттама жаза білуі қажет; берілген тақырып, мәселе бойынша өз пікірін, әсерін, бағалауын, дәлелін толық, әсерлі, бейнелі жеткізе алуы тиіс.

Кәсіби қазақ тілін деңгейлеп оқытудың мақсаты:

– студенттердің кәсіби қазақ тілін меңгеруіне қажетті оқу материалдарын іріктеу, таңдау;

– 3 деңгейдегі тіл материалдары арасындағы логикалық байланыстың сақталуы, сабақтастығы.

Мамандыққа қатысты оқытудың басты мақсаты өз мамандықтары бойынша алған білімдерін қазақ тілінде мамандықтарына қатысты жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен байытады, өз бетімен сөйлем құрауды игереді, айтайын деген ойларын грамматикалық тұрғыдан дұрыс, логикалық бірізділікпен жеткізуге үйренеді, қызығушылығы артады. Қ.Қадашева былай дейді: «Мамандық тілі қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда маңызды болып отыр. Бұл бағыттың негізгі талаптары мыналар:

– мамандығы бойынша ақпараттық және лексикалық-грамматикалық минимумдарды баяндау;

– осы арқылы дағды мен ептілікті қалыптастыру;

– тілдік өрнектерді сараптау;

– үйренушінің өз мамандығына сәйкес, тілді коммуникативтік қарым-қатынаста қолдана алатындай дәрежеде біліп шығуын қамтамасыз ету;

– сөйлеу іс-әрекетінің төрт түрінің негізі қамтылатын мәтіндерді беру;

– елтануға қатысты материалдарды үйренушінің өз қажетіне қарай пайдалану;

– сөйлеу жағдаятын үйренушінің мамандығына қарай бейімдеу; арнаулы терминологияның берілуін қарастыру;

– кәсіби тілдік құзыретін қалыптастыру. Яғни, біздің мақсатымыз студенттерге қажетті пән тілін меңгерту. Қазіргі уақытта студенттерді мамандығына қарай бейімдеп оқытуға талап та, сұраныс та көбейіп отыр».

Белгілі ғалым Ф.Оразбаева былай деп көрсетеді: «...тілдік қатынасты игеру тек тілдік ортаға қатысты тақырыптарды соған сәйкес лексикалық минимуммен сөйлеу үлгілерін сөйлем әрекеттерін үйретумен іске асады. Тілдік қатынас ешуақытта грамматиканы жеке үйретумен жүзеге аспайды.

Адамға қажет тақырып, сөйлем, тұрақты тіркес, мәтін арқылы ұсынылып, грамматика сол тілдік қатынастың қажетіне қарай сұрыпталғанда ғана нәтиже береді».

Сондықтан, ең алдымен студенттердің мамандығына қатысты сөздік минимумды сұрыптап алу қажеттілігі туындайды. Студенттерге қазақ тілін оқытуда терминдерге ерекше көңіл бөлінеді. Терминдерді оқытудағы басты мақсат — болашақ маман қазақ тілімен қатар мамандыққа байланысты сөздерді үйреніп, сөздік қорын байытады және келешекте қызмет барысында қолдану олардың өз мамандығын жетік меңгерген маман болуына септігін тигізеді. Мамандыққа қатысты терминдерді оқытуда атауларды құр жаттап қоймай, ол сөздерді практикада қолдана білуге үйрету көзделеді. Жаңа атауларды өткен грамматикамен байланыстырып түрлендіру, олармен сөз тіркестерін жасау, сөйлемдер құрастыру сияқты жұмыс түрлері атауларды есте сақтауға көп көмегін тигізеді.

Студенттердің сөздік қорын толықтыруда мерзімді басылымдарының материалдарын пайдалану, теледидардан жаңалықтарды тыңдатып, әр түрлі тапсырмалар беріп, жұмыс істеу де ұтымды. Сонымен қатар мамандықтарына байланысты мәтіндерді беру, студенттердің қызығушылығын тудырады, тіл үйренуде біршама нәтиже көрсетеді. Термин сөздерді мәтін арқылы меңгерту жеңілірек қызықтырақ болады. Мәтінмен жұмыс барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді ұғымды пайдалануға тырысамыз. Мұндағы сөздік жұмысы, сөз тіркесі, сөйлем құрау, тыңдалым, оқылым, жазылым, сұхбат, монолог сияқты көптеген жұмыс түрлері бір мақсатқа — студентті сөйлесе білуге үйретуге жұмылдырылады [4].

Енді сөзіміз жалаң болмас үшін «Экономика» мамандығы студенттерінің III-курсында А2 деңгейінде өткізілген <Банк қызметі> сабағына шолу жасап, талдап көрейік. Ең алдымен, тақырыпқа қатысты тірек сөздер беріледі. Сөз минимумы жалаң күйінде емес, өзі тіркесетін сөздермен бірге берілуі қажет: *ақша айналымы, несие беру, есеп айыру, есеп ашу, қарыз беруші, банктік жүйе, қарыз алушы т.б.* Бұдан кейін студенттерге жаңа сөздер мен сөз тіркестеріне сөйлем құратып, оларды бекіту мақсатында әр түрлі тапсырмалар орындатамыз.

Яғни, 1. Сұрақ-жауап арқылы сөйлесімдер құрастыру.

2. Әр түрлі кеспелер мен сигнал карточкаларын қолдану.

3. Ойын әдістерін қолдану.

4. Мақал-мәтелдерді қолдану арқылы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

5. Әр түрлі жағдаяттық тапсырмалар орындату.

Мамандыққа қатысты сұхбаттар сұрақ-жауап түрінде болады. Мысалы:

Клиент: *Сәлеметсіз бе? Мен сіздің банктен есеп ашқым келеді.*

Банк қызметкері: *Сәлеметсіз бе? Мына ережемен танысыңыз.*

Клиент: *Ережемен таныстым. Салымның жылдық мөлшері қандай?*

Банк қызметкері *Салымның жылдық мөлшері 15 000 теңге.*

Берілетін жаттығулар, тапсырмалар тақырыппен байланысты болуы қажет.

1. Төмендегі үлгі бойынша *сын есім+зат есім* тіркесін жасаңыз.

Ұлттық банк, орталық банк, әлемдік банк.

2. Мына сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз және сөйлем құраңыз.

Банк салымы, атаулы салым, мерзімсіз салым, ұзақ мерзімді салым, ағымдағы салым.

Студенттерге меңгерген жаңа сөздер мен сөз тіркестерге қайталау, бекіту мақсатында кестелер үлестіріледі.

3. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойып, сұхбат құраңыз.

Несие	- <i>Сәлеметсіз бе?</i>
Деңгей	- <i>Сәлеметсіз бе? Сіздің банктен...</i>
Тексеру	- <i>Иә, мындай құжаттар жинайсыз...</i>
Тіркеу	

Сонымен қатар оқу процесінде ойын алдыңғы орында, яғни, ойын технологиясы арқылы студенттің оқуға ынтасын арттыру жеңіл болмақ. Сабақта «Банк» атты ойын жүреді. Студенттер екіге бөлінеді. Біріншісі — банк қызметкерлері. Екіншісі — банк клиенттері. Сонымен бірге ойынды

ұйымдастыруға, бағалауға, қорытындылауға қатысты — төрешілер, сарапшылар, көмекшілер белгіленеді. Олар бір-бірлеріне әр түрлі ойға жетелейтін сұрақтар қояды. Сөйтіп, екі топтың арасында әр түрлі сұхбаттар пайда болады:

- Клиент пен кеңесші (несие алу туралы);
- Банк қызметкері мен ақша жөнелтуші;
- Банк қызметкері мен салымшы (депозит ашу туралы);
- Ломбардта;
- Ақша айырбастау бөлімінде.

Мысалы:

– *Сәлеметсіз бе? Мен кеше Германиядан келіп едім. Сіздердің банктеріңізден мен евроны теңгеге айырбастай аламын ба?*

– *Иә, бүгінгі күнгі бағам бойынша 1 евро — 254 теңге.*

Ойын соңында банк қызметіне қорытынды жасалып, сөз көмекшілерге, сарапшыларға, төрешілерге беріледі.

Жағдаяттық тапсырмалар мамандыққа қатысты сөздерді меңгертуге берілсе, студенттердің қызығушылығы арттады.

Мысалы:

- а) Егер сіз қаржы министрі болсаңыз.
- ә) Егер сіз банкир болсаңыз.

Мұндай жағдаяттық тапсырмалар студенттердің қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, ойлау қабілетін арттыруға, сөйлемдер құрастыруына мүмкіндік береді.

Осылайша, студенттерді сөйлетуге үйрету, сөйлеу әрекетін дамыту дағдысына арналған жұмыс жүреді. Бұл жұмыстардың барлығы студенттердің еркін сөйлеуіне, яғни тілдерінің дамуына, мүмкіндік туғызары сөзсіз. Сабақ әрдайым жеңілден күрделіге қарай өту керек. Оқытушы өзінің шеберлігіне байланысты инновациялық технологияларды ұтымды пайдалануы қажет. Сабақта міндетті түрде сөйлеу әрекетінің 4 түрі де қолданылуы қажет [5].

Қорыта айтар болсақ, қазіргі таңда студенттерді болашақ мамандығына байланысты оқыту өзекті болып отыр. Мамандығына бейімдеп оқытудың мақсаты:

- 1) тірек сөздерді, терминдерді беру арқылы студенттің сөздік қорын қалыптастыру, байыту;
- 2) мамандығына байланысты мәтіндерді беріп, студенттің қызығушылығын тудыру;
- 3) жағдаяттық тапсырмалар арқылы мамандыққа қатысты терминдерді меңгерту.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қадашева Қ.* Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. — Алматы: Мектеп, 2000.
- 2 *Оразбаева Ф.* Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. — Алматы: Атамұра, 2001.
- 3 *Пірімбетов Т.Т.* Қазақ тілінен әдістемелік нұсқаулар. — Қарағанды: Санат, 1993.
- 4 *Колкер Я.М.* Практическая методика обучения иностранному языку: Учеб. пособие. — М.: Школа, 2000.
- 5 *Масыко Е.А.* Настольная книга преподавателя иностранного языка. — М.: Высш. шк., 1999.

Б.М.Айтбаева

Эффективность обучения профессиональному казахскому языку по уровням

В статье всесторонне раскрыты вопросы обучения казахскому языку по специальности посредством применения различных методов, видов работ. А также показана эффективность применения терминов, текстов для повышения интересов обучающихся. Цель обучения профессиональному языку — формирование и развитие коммуникативной компетенции будущего специалиста. Поэтому, по мнению автора, специалист должен овладеть навыками и умениями применительно к сфере профессиональной коммуникации, изучить характерные способы и приемы отбора языкового материала в соответствии с видами речевого общения.

B.M.Aitbayeva

Learning efficiency to professional Kazakh language on levels

In this article the author comprehensively opens questions of training in the Kazakh language in the specialty by means of application of various methods, types of works. And also shows efficiency application of terms, texts for increase of interests being trained. The purpose of training in a vernacular is formation and development of communicative competence of future expert. The expert has to own skills and abilities in relation to the sphere of professional communication, to study characteristic ways and methods of selection of a language material in compliance types of speech communication.

References

- 1 Kadasheva K. *Kazakhskiy language: effective methods of training*, Almaty: Mektep, 2000.
- 2 Orazbayeva F. *Teoriya language relation and technique*, Almaty: Atamura, 2001.
- 3 Pirimbetov T.T. *Metodicheskiye of the recommendation about the Kazakh language*, Karaganda: Sanat, 1993.
- 4 Kolker Ya.M. *Prakticheskaya technique of training in a foreign language. Manual*, Moscow: Shol, 2000.
- 5 Masyko E.A. *Reference book of the teacher of a foreign language*, Moscow: High school, 1999.

UDC 811.512.122:378.096.

Erol Barin

*Gazi Üniversitesi (E-mail: r_zhanat@mail.ru)***Yabancılarla türkçe öğretiminde motivasyonun önemi**

Gelişim ve öğrenme psikolojisinin de temel kavramlarından biri olan motivasyon, bireyin öğrenmeye istekli hâle gelmesidir, diye tanımlanabilir. Motivasyon, insanı harekete geçirmek olarak da tanımlanabilir. Biz bunu «istekli olarak harekete geçmek» diye tanımlıyoruz. Eğitimde bireyi istekli hâle getirmek diye adlandıracağımız motivasyonun yabancılarla Türkçe öğretimindeki önemi yadsınamaz. Yabancılarla Türkçe öğretiminde motivasyon için dersi eğlenceli hâle getirmek şarttır. Aksi takdirde ders angaryaya dönüşür ve öğrencilerin motivasyonu kaybolur. Yabancı birinin sizin dilinizi hangi sebeple öğrenmek istediği kadar sizin ona yaklaşımınız, dersi çekici ve ilginç hâle getirmeniz de öğrencinin dersten soğumaması açısından önem taşımaktadır. Çünkü, yabancı dil öğrenenler, dil öğrenmeye başladıklarında hedef dile karşı önlerinde setler oluşturmaya başlarlar. Bu psikolojiyi yok etmek için öğrenciler iyi motive edilmelidir. Öğrencilerin yaşı, cinsiyeti ve ilgi alanlarının her biri aralarında farklılıklar oluşturur. Öğrencilerin birbirleriyle rekabeti yerine kendini geliştirmesine yönelik bir eğitim anlayışı olmalıdır. Bunun için öğretimde temel ilkelere biri olan «bireysel farklılıkları dikkate alma» ilkesine dikkat etmek gerekir. Burada öğretim elemanının rolünün önemi artmaktadır. Öğretim elemanının davranışları ve öğrenciye yaklaşım tarzı, yabancı öğrencilerin Türkçeye olan ilgisini olumlu veya olumsuz yönde etkilemektedir.

Anahtar Kelimeler: Yabancılar, Türkçe öğretimi, motivasyon.

Gelişim ve öğrenme psikolojisinin de temel kavramlarından biri olan motivasyon diğer adıyla güdülenme, bireyin öğrenmeye istekli hâle gelmesidir, diye tanımlanabilir. Motivasyon, insanı harekete geçirmek olarak da tanımlanabilir. Türkçe Sözlük'te güdülenme, «Canlıda işe ya da öğrenmeye geçme isteği.» şeklinde tanımlanmaktadır. Biz bunu «istekli olarak harekete geçmek» diye tanımlıyoruz.

«Motivasyon» kavramı tam olarak; bir işe başlama, o işi devam ettirme ve istenen hedefe varma eylemlerinin bütünüdür. Miller ve Dollard'ın belirttiği gibi insan öğrenmek için önce istemeli, sonra dikkat etmeli ve son olarak da kendisini hedefine ulaştırarak bir şeyler yapmalıdır. Motivasyon, isteme ile başlamaktadır [1; 72]. Motivasyon için öncelikle ortada bir ihtiyaç olması gerekir. Bu ihtiyaç, bireyi harekete geçirmek için önce onu uyarmalıdır. Daha sonra bu uyarılma hâli bireyi harekete geçirmelidir. Birey bu hareketlerinin sonunda isteği doğrultusunda belli bir doyuma ulaşmalıdır.

Eğitimde bireyi istekli hâle getirmek diye adlandıracağımız motivasyonun yabancılarla Türkçe öğretimi sürecindeki önemi yadsınamaz. Motivasyon, içsel ve dışsal olarak iki boyutta değerlendirilmektedir [2; 310].